

2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың ағымдағы жағдайы

2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 35 ұйым жұмыс істеді, оның ішінде 12 ипотекалық ұйым.

По состоянию на 1 августа 2008 года в республике функционировало 35 организаций, осуществляющих отдельные виды банковских операций, в том числе 12 ипотечных организаций.

№	Ұйымдардың атауы	1.01.2008	1.08.2008
1	Ипотекалық ұйымдар	12	12
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	23	23
	Оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын	4	4
	Жиынтығы	35	35


Ипотекалық ұйымдар

Активтер. 2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 209 395,5 млн. теңге болды, ағымдағы жылдың басынан 3,1% (6 739,6 млн. теңге) болды.


Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасындағы елеулі үлесті заңды және жеке тұлғаға берілген заемдар - 76,0% (159 142,9 млн. теңге) алады, басқа банктерге орналастырылған салымдарға - 4,2% (8 712,4 млн. теңге), бағалы қағаздарға - 5,1% (10 809,1 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 3,1% (6 470,7 млн. теңге) келеді.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы мен құрылымы	1.01.2008		1.08.2008		Өсімі %-бен
	млн. теңге	жиынтығында %-бен	млн. теңге	жиынтығында %-бен	
Ақша	683,1	0,3	463,7	0,2	-32,1
Корреспонденттік шоттар	6 350,2	2,9	6 470,7	3,1	1,9
Бағалы қағаздар	11 769,6	5,4	10 809,1	5,1	-8,2
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	11 787,1	5,5	8 712,4	4,2	-26,1
«Кері «РЕПО» операциялары	15 825,3	7,3	9 998,1	4,8	-36,8
Клиенттерге берілген заемдар	162 243,0	75,1	159 142,9	76,0	-1,9
Капиталға және реттелген борышқа инвестициялар	1 613,5	0,8	2 880,1	1,4	78,5
Негізгі құрал – жабдықтар және материалдық емес активтер	2 107,9	1,0	2 282,2	1,1	8,3
Өзге активтер	3 755,4	1,7	8 636,3	4,1	2,3 есе
Всего активы	216 135,1	100	209 395,5	100	-3,1

1.01.08ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың активтерінің құрылымы (%)



1.08.08ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың активтерінің құрылымы (%)




Кредиттік портфель. Ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфелі ағымдағы жылдың басынан 4,3% -ға (7 771,5 млн. теңге) кеміп, ағымдағы жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 172 605,6 млн. теңгені құрады.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің сапасын талдай келе стандартты кредиттер үлесінің кемігенін байқауға болады. Сөйтіп, ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесіне 95,5% келді, ал 2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша - 93,0% келді. Күмәнді кредиттердің үлесіне есепті күнге 6,4% келеді, бұл 2008 жылғы 1 қаңтардағы деректерден 250 пайыздық тармаққа өскені. Үмітсіз кредиттердің үлесі ағымдағы жылдың басымен салыстырғанда 2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 0,6% болғанын атап өту керек. Абсолюттік мәнінде үмітсіз заемдар сомасы жыл басымен салыстырғанда 9,9 млн. теңгеге кеміген.

Несиелік портфель сапасының динамикасы	1.01.2008		1.08.2008	
	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	%-бен жиынтығына	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	%-бен жиынтығына
Барлығы несиелік портфель	180 377,1	100	172 605,6	100
Стандартты	172 269,1	95,5	160 567,4	93,0
Күмәнді	7 110,9	3,9	11 051,0	6,4
1-санаттағы күмәнділері –төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	2 744,7	1,5	1 968,1	1,1
2-санаттағы күмәнділері –төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	1 496,3	0,8	4 568,1	2,7
3-санаттағы күмәнділері – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	1660,1	0,9	1 036,9	0,6
4-санаттағы күмәнділер - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	557,4	0,3	1 228,2	0,7
5-санаттағы күмәнділер	652,4	0,4	2 249,7	1,3
Үмітсіздер	997,1	0,6	987,2	0,6

Ипотекалық ұйымдардың несие портфелінің өзгеру динамикасы млрд. теңгемен




Ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі 3 ірі ипотекалық ұйымның үлесі 1 тамыздағы жағдай бойынша 99,0% құрады. Олардың ішінде: «БТА Ипотека» АҚ - 36,5%, «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ - 43,6%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ - 18,9%.

Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің мөлшері 2008 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 11 580,8 млн. теңгеге немесе 6,7%-ға кеміген және 2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 159 986,9 млн. теңге болды. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың құрылымында айналымға жіберілген бағалы қағаздар (47,0%) және басқа банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар (34,5%) басым.


Ипотекалық жиынтық динамикасы және ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымы	1.01.08		1.08.08		Өсімі %-бен
	млн. теңге	жиынтығында %-бен	млн. теңге	жиынтығында %-бен	
Басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алған заемдар	61 869,2	36,1	55 966,3	34,8	-9,5
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	0	0	0	0	0
Айналысқа жіберілген бағалы қағаздар	82 947,7	48,3	75 290,2	46,9	-9,2
Басқа кредиторлар	1 302,8	0,8	2 143,5	1,3	64,5
Басқа міндеттемелер	25 448,0	14,8	27 221,6	17,0	7,0
Барлығы міндеттемелер	171 567,7	100	160 621,6	100	-6,4

1.01.08ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)



- Айналымға шығарылған бағалы құралдар
- ЕДБ және банк операцияларының жекеленген түрлерін жүзеге асыратын ұйым алынған заемдар
- Басқа да кредиттер
- Басқалар

1.08.08ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)



Кірістілік. 2008 жылғы 1 тамызда ипотекалық ұйымдар табыс салығын төлегеннен кейін 792,0 млн. теңге мөлшерінде жиынтық таза кіріс алды, 12 ипотекалық ұйымдардан 5 шығынға ұшырады. «Құрылыс Ипотека» ипотекалық ұйымы» АҚ шығындары кірістерінен 20,9 млн. теңгеге асып түскенін атап өту қажет.

Есепті күні кірістердің жиынтық мөлшері 20 459,2 млн. теңге (2007 жылғы 1 тамызда - 14 725,7 млн. теңге), шығыстар - 19 667,2 млн. теңге (2007 жылғы 1 тамызда - 12 519,9 млн. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн. теңгемен	1.08.2007	1.08.2008	Өсімі, %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	11 076,9	14 477,6	30,7
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	6 362,0	9 762,6	53,5
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	3 648,8	5 981,6	63,9
Сыйақы алумен байланысты емес шығыстар	6 157,9	9 904,6	60,8

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер ең көп үлес алады (63,3% немесе 12 942,0 млн. теңге), пайыздық шығыстар құрылымында – қамтамасыз етуге қаржымен байланысты шығыстар көп үлес алады (27,6% немесе 5 423,1 млн. теңге).

Ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталы 2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 48 773,9 млн. теңге болды, бұл ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 9,4%-ға (4 206,4 млн. теңгеге) көп.